

Лабораториялық жұмыс 2. Конструкторларды құру

Тапсырма: 2-дәріс және 2- семинар материалдарын қайта қарастырып, төменде берілген тапсырмаларды нұсқа бойынша орындаңыз.

Тапсырмалар

1-нұсқа

Үшбұрыш класын құрыңыз. Класс үшбұрыш қабырғаларының ұзындығын анықтайтын 3 өрістен тұрады. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. өрістерді инициалдауға арналған конструкторлар құру.

2-нұсқа

Арифметикалық прогрессия класын сипаттаңыз. Өрістері: прогрессияның алғашқы элементі және қадамы. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. класс өрістерін инициалдайтын конструкторлар құру.

3-нұсқа

Жалақы класын құрыңыз. Класста келесідей өрістер болу керек: қызметкердің аты-жөні, жалақы сомасы (оклад), жұмысқа орналасу жылы, көтерме пайызы, табыс салығы, ай ішіндегі жалпы жұмыс күндерінің саны, ай ішіндегі жұмысқа келген күндерінің саны, белгілі ай үшін есептелген жалақы мөлшері (жұмыс істеген күндерінің санына байланысты) және ұсталған ақша мөлшерлері. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. қажетті өрістерді конструктор арқылы инициалдау;

4-нұсқа

Уақыт класын сипаттаңыз. Ол үш бүтін сандық өріс арқылы беріледі: сағат, минут, секунд. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. инициалдаушы функцияларды (конструктор) құрыңыз: үш жеке сан көмегімен; «сағат:минут:секунд» түріндегі тіркес арқылы;

5-нұсқа

Студентті сипаттайтын класс құрыңыз. Өрістері: жеке нөмірі, тегі, 5 пән бойынша бағасы (0-100%), 5 пән бойынша кредит саны. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. өрістерді инициалдауға арналған конструкторлар құру.

6-нұсқа

Есепшот класын сипаттаңыз. Класстың 4 өрісі болу керек: есепшот иесінің тегі, есепшот нөмірі, сыйақы мөлшері, шоттағы ақша көлемі. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. жаңа есепшот ашу (конструктор);

7-нұсқа

Бөлшек сан класын сипаттаңыз. Сан бүтін және бөлшек бөліктерін беретін екі бүтін сандық өріс арқылы беріледі. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. класс өрістерін инициалдайтын конструкторлар құру (бөлшек бөлімі нөлге тең болмау шарты тексерілу керек).

8-нұсқа

Үйлестіру класын сипаттаңыз. Класс k , n екі бүтін сандық өрістен тұру керек ($k < n$). Төмендегі өрнек бойынша мәнді есептеп шығаратын әдіс құрыңыз:

1. класс өрістерін инициалдайтын конструкторлар құру ($k < n$) шарты тексерілу керек).

9-нұсқа

Тауар класын сипаттаңыз. Класстың өрістері: тауар аты, тауар бағасы, қоймадағы тауар саны. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. класс өрістерін инициалдайтын конструкторлар құру.

10-нұсқа

Телефон класын сипаттаңыз, ол телефон арқылы сөйлесудің бағасын белгілейді. Оның өрістері: телефон нөмірі, 1 минут сөйлесу бағасы, жеңілдіктер (пайызбен, мысалы, 10 минуттан артық сөйлесу үшін), сөйлесу уақыты (минутпен), төлемге есептелген ақша сомасы. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. класс өрістерін инициалдайтын конструкторлар құру.

11-нұсқа

Терезе класын сипаттаңыз. Өрістері: терезе тақырыбы, сол жақ жоғарғы төбесінің тік және көлденең координаталары, терезе биіктігі мен ені. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. класс өрістерін инициалдайтын конструкторлар құру.

12-нұсқа

Геометриялық прогрессия класын сипаттаңыз. Өрістері: прогрессияның алғашқы элементі және тұрақты еселік. Келесі әдістерді жүзеге асырыңыз:

1. класс өрістерін инициалдайтын конструкторлар құру.